

**МКҚК №15 «Жидек» Б/Б
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА**

Ақтөбе қ.

№3

«21» «01» 2026 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 30 педагог

«Білім беру сапасы, психологиялық-педагогикалық қолдау және
экологиялық тәрбие»

Күн тәртібі:

1. Білім беру сапасының мониторингі нәтижелері.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдау жүйесін жетілдіру.
3. «Жасыл балабақша» жобасын іске асыру.
4. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының орындалуы.

Тыңдалды:

1- сұрақ бойынша, әдіскер Кубашева С.Т. сөз алып, білім беру сапасының мониторингі нәтижелерімен таныстырды. Жыл бойы ұйымдастырылған оқу қызметінің сапасы, балалардың дағдыларды меңгеру деңгейі, тәрбиешілердің кәсіби құзыреттілігі талданды. Мониторинг нәтижелері бойынша балалардың танымдық, коммуникативтік және әлеуметтік дағдыларының дамуында он динамика байқалғаны айтылды.

Сонымен қатар педагогтерге оқу-тәрбие үдерісінде инновациялық әдістерді, ойын технологияларын және цифрлық ресурстарды кеңінен қолдану ұсынылды.

2-сұрақ бойынша, педагог-психолог Клещева Т.И. балабақшадағы психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстары туралы баяндама жасады. Ерекше білім беру қажеттілігі бар балалармен жүргізілген түзету-дамыту жұмыстары, ата-аналарға көрсетілген консультациялық көмек және педагогтерге арналған психологиялық сүйемелдеу жұмыстары туралы ақпарат берілді.

Балалардың эмоционалдық әл-ауқатын қамтамасыз ету, бейімделу кезеңін жеңілдету және мінез-құлықтағы қиындықтардың алдын алу бағытындағы жұмыстардың маңыздылығы атап өтілді.

3-сұрақ бойынша, тәрбиеші- Даукулова А.А. «Жасыл балабақша» жобасының біздің балабақша тірек болып тұрғасын, жүзеге асырылуы туралы есеп берді. Балалармен ағаштар мен гүлдерді күту, экологиялық акциялар, табиғатты қорғауға бағытталған іс-шаралар өткізілгені айтылды.

Жоба аясында тәрбиеленушілердің табиғатқа деген жауапкершілік қатынасы қалыптасып, экологиялық мәдениеті дамып келе жатқаны атап өтілді.


4-сұрақ бойынша, әдіскер Кубашева С.Т., «Адал азамат» бағдарламасының орындалуы туралы баяндады. Балалар арасында адалдық, әділдік, еңбекқорлық, жауапкершілік құндылықтарын қалыптастыруға бағытталған тәрбиелік іс-шаралар өткізілгені айтылды.

Бағдарлама шеңберінде ата-аналармен және педагогтермен түсіндіру жұмыстары жүргізіліп, тәрбиелік іс-шаралардың тиімділігі талданды.

Шешімі:

1. Білім беру сапасын арттыру бойынша жұмыстар жүйелі түрде жалғастырылсын.
2. Психологиялық-педагогикалық қолдау жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында жеке жоспарлар әзірленсін.
3. «Жасыл балабақша» жобасы бойынша экологиялық акциялар санын көбейту ұсынылсын.
4. «Адал азамат» бағдарламасы аясындағы тәрбиелік жұмыстар тұрақты бақылауға алынсын.
5. Қабылданған шешімдердің орындалуын әдіскер қадағаласын.

Төраға:  №15 «Жидек» Б/Б әдіскері С.Т.Кубашева

Хатшы:  Сырлыбайқызы В.

МККК №15 «Жидек» Б/Б
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
ХАТТАМА

Ақтөбе қ.

№4

«04» «03» 2026 ж.

Кеңес отырысының қатысушылары: 27 педагог

«Шеберлік мектебі: тәжірибе алмасу және инновация»

Күн тәртібі:

1. Авторлық жобалар (Digital Kids және басқа жобалар).
2. Ата-аналармен цифрлық жұмыс жүргізу.
3. Жас мамандармен жұмыс жүйесі.
4. Адалдық және ашықтық мәдениетін қалыптастыру.

Тыңдалды:

1-мәселе бойынша, әдіскер Кубашева С.Т. авторлық жобаларды жүзеге асыру тәжірибесімен бөлісті. «Digital Kids» жобасының мақсаты балалардың цифрлық сауаттылығын қалыптастыру, заманауи технологияларды қауіпсіз қолдануға үйрету екендігі айтылды.

Педагогтер өздерінің тәжірибелерін таныстырып, авторлық бағдарламалар мен инновациялық әдістердің тиімділігі туралы баяндады.

2-мәселе бойынша, тәрбиеші Саркулова Д.Т. ата-аналармен цифрлық форматтағы жұмыстың нәтижелері туралы ақпарат берді. WhatsApp топтары, электронды сауалнамалар, онлайн-консультациялар, әлеуметтік желілер арқылы жүргізілген жұмыстар талданды.

Цифрлық платформалар ата-аналар мен балабақша арасындағы байланысты нығайтып, ақпарат алмасуды жеңілдеткені атап өтілді.

3-мәселе бойынша, жас мамандар жетекшісі Калташкина Н.Н. тәлімгерлік жұмыстың нәтижелерімен таныстырды. Жас педагогтерге көрсетілген әдістемелік көмек, ашық сабақтарға қатысуы, кәсіби бейімделу деңгейі туралы мәлімет берілді.

Жас мамандардың кәсіби өсуіне қолдау көрсету мақсатында шеберлік сыныптары мен тәжірибе алмасу алаңдарын ұйымдастыру ұсынылды.

4 мәселе бойынша, меңгеруші Иманова Г.К. ұйымдағы адалдық және ашықтық мәдениетін қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы баяндады. Педагогикалық әдеп нормаларын сақтау, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру және ұжымдағы сенімді қарым-қатынасты нығайту мәселелері қаралды.

Ашықтық пен әділдік қағидаттарын сақтау білім беру ұйымының оң имиджін қалыптастыруға ықпал ететіні атап өтілді.

Шешімі:

1. Авторлық жобаларды әзірлеу және тарату жұмыстары жалғастырылсын.
2. Ата-аналармен цифрлық жұмыстың тиімді түрлері тәжірибеге енгізілсін.
3. Жас мамандарға тәлімгерлік қолдау көрсету күшейтілсін.
4. Адалдық және ашықтық мәдениетін қалыптастыруға

Төраға: М №15 «Жидек» Б/Б әдіскері С.Т.Кубашева

Хатшы: С Сырлыбайқызы В.

МКҚК №15 «Жидек» Б/Б
ӘДІСТЕМЕЛІК КЕҢЕС
№ 5 хаттама

Күні: «5» мамыр 2026 ж.

Қатысқандар саны: 25 педагог

КҮН ТӘРТІБІ:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы.
2. Жол картасы нәтижелері.
3. Жылдық есептер.
4. Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық.

ТЫҢДАЛДЫ:

1-сұрақ бойынша:

Әдіскер Кубашева С.Т. өткен әдістемелік кеңес шешімдерінің орындалуы жөнінде баяндама жасады. Жоспарланған іс-шаралардың орындалу деңгейі сараланып, педагогтердің әдістемелік жұмыстарының нәтижелері талданды. Белгіленген міндеттердің басым бөлігі уақытылы орындалғаны атап өтілді.

2-сұрақ бойынша:

Әдіскер Кубашева С.Т. оқу жылы барысында жүзеге асырылған Жол картасының нәтижелерімен таныстырды. Қойылған мақсаттар мен міндеттердің орындалу көрсеткіштері, ұйымдастырылған іс-шаралардың тиімділігі туралы ақпарат берілді.

3-сұрақ бойынша:


Тәрбиешілер мен мамандардың жылдық есептері тыңдалды. Педагогтер оқу жылы ішінде жүргізілген білім беру, тәрбиелеу, дамыту жұмыстарының қорытындыларын ұсынды. Жетістіктер, қиындықтар және алдағы міндеттер қарастырылды.

4-сұрақ бойынша:

Жазғы сауықтыру кезеңіне дайындық мәселесі қаралды. Жаз мезгілінде балалардың денсаулығын нығайту, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сауықтыру іс-шараларын ұйымдастыру жоспары таныстырылды.

Шешімі:

1. Кеңес шешімдерінің орындалуы қанағаттанарлық деп танылсын
2. Жол картасы аясында атқарылған жұмыстардың нәтижелері назарға алынсын.
3. Жылдық есептер қанағаттанарлық деп бағалансын.
4. Жазғы сауықтыру кезеңінің жоспары бекітілсін.

№15 «Жидек» Б/Б әдіскері  С.Т.Кубашева